7 сыныптардың жылдық қорытындысы бойынша барлығы 78 оқушы бітірді, оның ішінде 52 оқушы «5»-ке, 26 оқушы «4»-ке шықты. Білім сапасының көрсеткіші 88%, үлгерімі 100%.

8 сыныптардың жылдық қорытындысы бойынша барлығы 57 оқушы бітірді, оның ішінде 29 оқушы «5»-ке, 28 оқушы «4»-ке шықты. Білім сапасының көрсеткіші 82%, үлгерімі 100%.

9 сыныптардың жылдық қорытындысы бойынша барлығы 88 оқушы бітірді, оның ішінде 78 оқушы «5»-ке, 10 оқушы «4»-ке шықты. Білім сапасының көрсеткіші 96%, үлгерімі 100%.

5-9 сыныптардың жылдық қорытындысы бойынша барлығы 387 оқушы бітірді, оның ішінде 302 оқушы «5»-ке, 85 оқушы «4»-ке шықты. Білім сапасының көрсеткіші 91%, үлгерімі 100%.

Сараптама талдауы бойынша білім сапасын жақсы деп бағаланды. 5-9 сыныптарда тоқсандық қорытындылар бойынша бірлестік жиналысы өткізіліп, сынып оқушыларының білім сапасына талдау жасалды. Сабақ беретін пән мұғалімдері оқушылардың үлгерімі, бағдарламаны меңгерулері туралы өз пікірлерін айтты.

Шешім:

2022-2023 оқу жылындағы сыныптардың жылдық қорытындысы жақсы деп танылсын.

Ұсыныс:

1. Пәнаралық байланыс бойынша пәндік кіріктірілген сабақтарды жоспарлау

1) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы»
- 6) Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 7) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 8) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 12) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

13) 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

Тәрбие жұмысының 2021-2022 оқу жылдарына арналған кешенді бағдарламасы, мақсаты, міндеттері

2021-2022 оқу жылына ҚР Білім және ғылым министрлігінің жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу Тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие; Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; Отбасы тәрбиесі; Ұлттық тәрбиесі; Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие; Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар мен инновациялық жобалар 2021-2022 оқу үдерісіндегі тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылды.

Тәрбие процесін адамзаттың жинақтаған мәдениетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушының жеке мәдениетіне, тұлғалық құндылығына айналдыру мақсатындағы оқушының өмір әрекетін ұйымдастыру деген ұғыммен тәрбие шаралары барлық ынталы тараптардың: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілу басты бағыт болды.

2021-2022 оқу жылында мектепте келесі санаттағы балалар оқыды:

Қамқоршылықтағы балалар – 0 адам

Аз қамтылған отбасы балалары – 0

Көп балалы отбасы балалары – 98 адам

Толық отбасы балалары- 60 адам

Толық емес отбасы балалары – 38 адам

Мектепшілік бақылауда оқушы жоқ

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарады. Сынып жетекшіге көмекші тьюторлар қызмет етеді.

Мектепте сынып жетекшілер бірлестігі жұмыс жасайды. Жетекшісі Вакпаева Мейрамгүл Васильевна. Бірлестік құрамына 2019-2020 оқу жылында 21 жетекші кірді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ереже» басшылыққа алына отырып, барлық сынып жетекшілердің ережесі таныстырылып, сынып жетекшілер тағайындалды.

2021-2022 оқу жылындағы сынып жетекшілер тізімі

№	Сынып	Сынып жетекшінің аты-жөні	Тел. номері	Тәрбиешісі	Тел номері
0-11-сыныптар					
1	0а	Нуртазина Жулдыз Айтмуханбетовна	87054237861	Мухаметкәрім Арайлым Сағымбекқызы	87750935766, 87003300691
2	0ә	Мухаметченова Шырын Аскаровна	87754073266	Жукашева Гульмира Муратовна	87779635609
3	0б	Дулыбаева Динара	87470632574	Топатаева Макпал	87757522259

		Еркимбековна		Калеловна	
4	0в	Маханова Кенжегуль Жубатовна	87786847985		
5	1а	Курманалиева Фатима Алиайдаровна	87056712686, 87075456091	Сәйфідин Дана Әбдінасырқызы	87071187034
6	1ә	Салимбаева Сауле Какитаевна	87754468535, 87476200835	Орманова Айсұлу Маратқызы	87471827042
7	1б	Айдарбекова Сагат Абзеловна	87783242432	Еркінқызы Әлия	87788107646
8	1в	Кожаметова Индира Илаловна	87759099299	Кушбаева Шахло Батирхожақызы	87075909571
9	1г	Сәтбай Айзат Сәтбайқызы	87011095398	Ахмет Дильназ Арыстанқызы	87472391571
10	1д	Бабақай Сәнім Мусағазықызы	87029556902	Аманбек Мөлдір	87075451761
11	2а	Байтикова Асель Абдымомыновна	87471201132	Усланбек Нурлы Рысбекқызы	87076962817
12	2ә	Вакпаева Мейрамгуль Васильевна	87052272783, 87788863500	Тулеуова Айым Сергалиевна	87021289326
13	2б	Токтарова Шарбану Алимкуловна	87078809220	Төлеутай Дильназ Ерболқызы	87761630695
14	2в	Примова Турдыгул Хамитовна	87774874848	Шаймуратова Анеля Максатовна	87782215043
15	2г	Жумабай Шалкар Садыковна	87018282790	Тилеубек Нургул	87472818922
16	2д	Исагалиева Нургул Сагидоллаевна	87023434375, 87057433669	Тойбекова Гүлдарига Сатбекқызы	87751880953
17	3а	Орынбай Ұлмекен Қалдыбекқызы	87072298075, 87752298075	Дюсенбаева Мөлдір Маратқызы	87055326944
18	3ә	Берикбаева Меруерт Сериккалиевна	87013583785	Маханбетова Жазира Алмасхановна	87013332414, 87763332414

19	3б	Толеген Бахытгуль	87072104462	Әбдірахман Гүлнур Хайруллақызы	87783462637
20	3в	Усербаева Айнур Сатыбалдиевна	87781121142	Әбдікәрі Әсел Серғазықызы	87477052372
21	3г	Жагипарова Қаршыға Қонысбековна	87012070102	Кәбек Арайлым Маралбекқызы	87026519536
22	3д	Тулөпбергенөва Гүльмира Амановна	87013053141	Даулетқызы Лағыл	87753646414
23	3е	Даулет Алмагуль	87476216978	Ділда Гүлден Дәулетханқызы	87073321097
24	4а	Бердикеева Жанар Қойшықуловна	87074259150	Есенова Жанагуль Саяжановна	87477867308
25	4ә	Кентбаева Шара Бейсенбаевна	87789495437 87714401381	Сағаділда Эльнара Асхатқызы	87052331088
26	4б	Нурсейтова Инқар Тлеухановна	87474080105 87718993382	Жорабек Гүлдина Жорабекқызы	87078933193
27	4в	Қалибекова Гүлнұр Қайырғазықызы	87758477518	Қыпшақбай Анар Хабидоловна	87718307546, 87055320395
28	4г	Алимбетова Қуралай Назаровна	87787388575	Зейнедилова Айдина Дулатқызы	87076692069
29	4д	Кесікбаева Сымбат Саматқызы	87781582093	Токтыбаева Айкерим Асканбекқызы	87754753707
30	5а	Муқушев Жанарбек Елеуқенович	87076074820	Нурбекова Сезим Абузайыровна	87083110597
31	5ә	Касенова Шынар Слямқановна	87077869380	Бегалиева Айгерим Есқалиевна	87025261191, 87780126491
32	5б	Бидірахымова Еркежан Бейбітқызы	87712322626		

33	5в	Шукурова Айкияш Кожаметовна	87077869380	Ахметова Айжан Әділдәқызы	87787673537
34	5г	Сайдуллаева Индира Касымказыновна	87779891969	Шайзада Гүлназ Асхатқызы	87078238680
35	6а	Жангабылова Динара Жапаровна	87015482539	Збанова Балжан Ерланқызы	87081819544
36	6ә	Мукиянова Улжан Слямгазиевна	87071590558	Әбдінурова Айша Мәлікқызы	87774211759
37	6б	Бахтиярова Анаргүль Жулатовна	87078995975	Шағалам Алуа Бүркітқызы	87784146288
38	6в	Кенжебаева Назерке Куантаевна	87075253487	Қыдырбекова Нұрсауле Ибрагимқызы	87079382886
39	6г	Амиргалиева Айжан Мажметовна	87783689288	Канапиянова Мадина Идрисовна	87473015499
40	6д	Жакилина Айгерим Кайратовна	87758456771, 87472272768	Рукашова Умит Темирбаевна	87753407029
41	6е	Әбдікәрімова Назерке Бейбітбекқызы	87782026770	Раева Мирамгүль Кереевна	87718328487
42	7а	Далабайқызы Индира	87026002682	Батырбекова Молдир Карибаевна	87754074303 87718349219
43	7ә	Идрис Маржан Кайратқызы	87719615595, 87055081505	Дүйсетаева Жібек Серікбайқызы	87779537395
44	7б	Уразбаева Гүлсим Хабитовна	87783976394	Карбаева Аягоз Жұмағалиқызы	87089442898
45	8а	Касымханова Нургул Женисовна	87025251617, 87470129115	Үйкекбай Әсем Әбдібекқызы	87078639329
46	8ә	Сайпилова Амина Сидоллаевна	87051269080	Сагидоллаева Рыскүл	87087760443

				Амангелдіқызы	
47	8б	Садуақасова Алтынай Бейбітбекқызы	87021085545	Қабден Айжан Сайлаубекқызы	87784326300
48	8в	Абильдина Роза Елеубаевна	87014507799	Ермекова Ерке Амангельдиевна	87083332141
49	8г	Нуркина Гультара Темирболатовна	87025539610	Далабаева Айнұр Қайратқызы	87477832369
50	9а	Тулкибаева Гультара Рысбековна	87056370046	Бактыбаева Хакима Ерланқызы	87478222704
51	9ә	Мухтариханова Алуа Набиевна	87025325629	Сексенбай Назым Азаматқызы	87475530538
52	9б	Омарова Алмагуль Сансызбаевна	87078541093	Юсупова Асем Мусаевна	87770588591
53	9в	Исабаева Раушан Тулегеновна	87772238956	Бесжанова Перизат Айтмұханқызы	87752302630
54	10а	Серікбай Алмара Ғабдолқызы	87755175580		
55	10ә	Омарова Шолпан Сембаевна	87011269544		
56	10б	Касымова Асель Алпысбайқызы	87716778228		
57	11а	Авдрасол Бахытжан	87009837482		
58	11ә	Хасенова Эльмира Келисовна	87076240876, 87755386858		
59	11б	Нургожаева Алия Кыдырбековна	87754874743, 87773520678		

Мектепте 986 оқушы бар. 1-11 сынып аралығында 55 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 25 сынып, 5-11-сыныптарда 30 сынып.

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

Тәрбие жұмысы сегіз бағыт бойынша жүргізіліп, жиналыстар, мұғалімдер кенестері, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі арқылы ғылыми-әдістемелік негізде формалар мен әдістер тандалды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, қызықты адамдармен акциялар мен кездесулер сияқты студенттермен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Мектепте оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке басының өзін-өзі танытуына жағдай жасалып, үйірмелер, спорттық секциялар, жобалық іс-шаралар жүргізілді.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру бағыты

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Оқушылар мен мұғалім, ата-аналар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы жүргізілді.

Білім күні әр жыл сайын дәстүрге айналған «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында салтанатты жиыны мектеп ауласында мерекеге сай безендіріліп өткізілді. Жиынға ата-аналар, мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Музыка әуенімен салтанатты жиын ашылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалды, мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған 1 - сынып бүлдіршіндерін салтанатты жиынға кіргізу рәсімі болып өтті. Салтанатты жиынның шымалдығы гимназия директоры Садыкова Гүлнар Дінғуатқызының құттықтау сөзімен ашылды. Гимназия директоры жиынға қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, гимназияның жеткен жетістіктеріне жеке тоқталып, өткен жылдың қорытындысы бойынша гимназия ұжымы мен гимназия оқушыларына алғыс білдірді, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге сәт сапар, оқушыларға білім жолында толағай табыстар тіледі.

Білім күнінің 1-11- сыныптарда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға Отанын сүюге, бірлікке, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу мақсатында өткен сабаққа барлық сынып жетекшілер жоғары деңгейде дайындықпен келген. Білім күніне орай өткізілген тәрбие сағаттарына және мұғалімдерді құттықтау

бейнероликтер әзірленіп әлеуметтік желі парақшаларына жүктелді.

3 қыркүйек күні оқушының міндеттері мен құқықтары туралы білу, өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрену, Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ болу мақсатында **«Ата Заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» тақырыбында** ҚР Конституциясына – 26 жыл толуына орай 1-11- сыныптар арасында тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағаттарында Ата заңның қалыптасу тарихының кезеңдері және олардың ерекшеліктері туралы түсінік беріліп, оқушыларға бейнероликтер көрсетіліп, басқа да түрлі зияткерлік ойындар ұйымдастырылып сынып сағаттары әр түрлі формада өткізілді.

«Туған жерге тағзым» жобасының жоспарына сай тарих пәнінің мұғалімі Шынар Сләмханқызының ұйымдастыруымен «Туған өлкемнің көрнекі жерлері» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен виртаулды саяхат өткізілді. Іс – шарабарысында оқушыларға Қазақстан елді мекендеріндегі көне ескерткіштерімен танысып, тарихи оқиғаларды тыңдап, сұрақ қою арқылы сұхбаттасты.

Қараша айында оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, сенімділікке тәрбиелеу мақсатында «Адалдық – ардың ісі» жобасы аясында бірқатар іс – шаралар өткізілді, атап айтар болсақ «Адалдық – ардың ісі», «Адалдық – адамдықтың белгісі», «Адалдық жолынан айнымайық» тақырыптарында сыныпсағаттары өткізілді. «Адалдық- ардың ісі» тақырыбында мәнерлеп оқу челленджі жүргізілді. «Адалдық жүрген жерде – адамдық жүреді» тақырыбында қазақ тілінде және «Где справедливость там и правда» тақырыбында орыс тілінде 8-9 сыныптар арасында эссе жазу байқауы өткізілді. Байқау қортындысы бойынша үздік эссе жазған оқушылар жүлделі орындармен марапатталды. «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында көркем сурет көрмесі өткізіліп, үздік жұмыстар жүлделі орындармен марапатталды. Мектеп психологтары Нургазина Мадинаның ұйымдастыруымен 5-сынып оқушыларымен «Адамды тұрар адам қып, адамгершілік, адалдық» тақырыбында онлайн форматта zoom платформасы арқылы семинар – тренинг өткізді.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай мектеп-гимназияда 9- сыныптар арасында «Бір ел, бір тағдыр» тақырыбында эссе байқауы өтті. Байқауға қатысқан білім алушылар арасында жүлделі орындар анықталды. «Тәуелсіздіктің жеті қыры: Жаңғыру жолы» деректі фильмі көрсетілді. Бұл фильмде Елбасының демографиялық мәселелерді шешу саясаты, қандастарымыздың тарихи Отанына оралуы, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі мен қазақ тілді білім беру мекемелерінің ашылуы жайында айтылған. Сонымен қатар «Бір ел, бір тағдыр»,

«Біздің тұңғыш президентіміз» тақырыптарында сынып сағаттары өтілді. «Менің Қазақстаным» атты көркем сурет көрмесі өткізілді. Кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Елбасы - кеменгер көшбасшы» тақырыбында кітап

көрмесі өткізілді. «Вокал» үйірмесінің жетекшісі Альменов Нурдаулет пен Сариева Гуля «Кемелді келешекке бастар жол» тақырыбында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сүйіп тыңдайтын патриоттық әндер топтамасын дайындады.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектеп - гимназияның үздік және белсенді оқушыларын «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымы қатарына салтанатты қабылдау рәсімі өткізілді. Аталған іс – шара карантиндік шараларды сақтай отырып өткізілді. Салтанатты қабылдауға «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының қатарына 2 және 5- сыныптарынан үздік, белсенді деп танылатын оқушылар қабылданды. Салтанатты қабылдау рәсімінде жүргізуші болып мектеп – гимназияның ұланбасы 8 «Б» сыныбының оқушысы Әбуова Ұлжан болды. Ұйым мүшесі қатарына қабылдану кезінде ант беру рәсімін 2 «А» сыныбының оқушысы Сибекова Анельге табысталды. Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 1-11- сыныптар арасында сынып жетекшілері «Тәуелсіздік таңы», «Тәуелсіздік - тірегім», «Тәуелсіздік туы берік қолда!» тақырыптарында онлайн форматта тәрбие сағаттары өткізді. Ал тәлімгер Шайзада Гүлназ 5 «Г», «В», «Д» сынып оқушыларының қатысуымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен өз елімінің патриотымын» тақырыбында танымдық сағаты өткізді. Танымдық сағаттың басты мақсаты оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тарихын білуге тәрбиелеу.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні мерекесіне орай оқушылардың өз отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, Отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Менің Қазақстаным» қазақ тілінде, «Мой Казахстан» орыс тілінде мәнерлеп оқу және «Тәуелсіз Қазақстан: кеше бүгін және оның жарқын болашағы» тақырыбында оқушылардың мереке күнімен құттықтау челленджі ұйымдастырылды.«Тәуелсіздік-елімнің шамшырағы» тақырыбында оқушылардың Отанын құрметтеуге, елін, жерін сүйуге, патриоттық сезімін ояту мақсатында көркем сурет көрмесі өткізілді. Сонымен қатар «Туған жерге тағзым» жобасы аясында тарих пәнінің мұғалімі Сайпилова Амина Сайдуллаевна. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент мұражайына» виртуалды саяхат сабағын өткізді.

Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағыты

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Рухани жаңғыру» құндылықтары негіздерінің, оның ішінде«Құндылықтарға негізделген білім беру», «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

Аталған мақсаттарға жету барысында 5 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні болып еліміздің тіл жанашыры А.Байтұрсынұлының туған күні құрметіне байланысты тойланып келеді. Тіл мерекесін атап өтуде мектеп- гимназия оқушылары тыс қалмады. Тіл мерекесі біз үшін және еліміз үшін маңызды мерекелердің бірі.

Тіл мерекесі еліміздің ең жарқын мерекелерінің бірі, себебі тіл адамның қарым-қатынас, ойлану құралы, сондықтан ол – адамзаттың интеллектуалдық әлеуетінің қазынасы ретінде халықтың ең құнды байлығы. Осы мереке күніне орай мектеп – гимназияда бірқатар іс – шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, сынып жетекшілер 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілер «Тіл мерейі – ел мерейі», «Тіл – ұлттың жаны» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді, кітапханада «Ана тілім - ажарым, асыл мұрам» тақырыбында кітап көрмесі өтті. Сонымен қатар 5-11- сыныптар арасында «Тілім менің тірлігімнің айғағы» тақырыбында қазақ тілінде және «Дружба языков народа Казахстан» орыс тілінде мәнерлеп оқу челленджи өткізілді. «Қазақ тілі – ғажап тіл» латын графикасында және «Менің болашақ мамандығым» тақырыптарында ағылшын тілінде 9 – 11- сынып оқушылары арасында эссе жазу байқауы өткізіліп, үздік жұмыстар жүлделі орындармен марапатталды.

1 қазан -Қарттар күніне орай сынып жетекшілер 1-11 сыныптар арасында «Қарттарым – асыл қазынам», «Қарттарын сыйлаған - ел ардақты» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді. «Qamqor» жобасы аясында Шайзада Гүлназ «Жас ұлан» ББЖҰ мүшелерімен «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында құттықтау бейнеролигін әзірлеп, әлеуметтік желілерге жүктеді, сонымен қатар мектеп – гимназия оқушылары өз ата – әжелеріп құттықтау тақпақтарын, өлең шумақтарын арнап, бейнероликтер дайындады. Қазан айының бірінші аптасының демалыс күні

«Мұғалімдер күні» мерекесіне орай 1 – 11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері онлайн форматта «Ұстаз – ұлағатты есім» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізді. «Ұстазыма мың алғы!» хештегімен ұстаздарды құттықтау бейнероликтері дайындалып, әлеуметтік желіге жүктелді.

«Qamqor» жобасы аясында «Мейірім» атты қайырымдылық акциясы барысында қоғамға қызмет кординаторы Алиуллаева Айгерімнің ұйымдастыруымен және 5- сынып ата – аналарының демеушілігімен қамқорлығынсыз қалған екі отбасының балаларына күнделікті сабаққа қажетті кеңсезаттары және азық – түлікпен көмек көрсетілді.. Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Жамбыл Жабаевтың 176 жылдығына орай «Жыр алыбы—Жамбыл» атты әдеби кеш өткізілді. Кешке мектебіміздің Жамбыл ізін жалғастырушы әншілеріміз, күйші оқушыларымыз келіп, өз өнерлерін көрсетті. Атап айтсақ, Жамбыл өлеңдері,

айтыстары оқылып, күйі шертіліп, Жамбылға арнаулар да айтылды.

5-9- сыныптар арасында **«25 ән, 25 кітап»** жобасы аясында «Кітап оқу көшбасшысы», «Мен оқыған бір кітап» кітап оқу байқаулары, челленджері, эссе жазу, сүйікті кейіпкер бейнесін суреттеу іс - шаралары өткізілді. Іс – шаралар барысында оқушылар оқуға бірілген кітаптар бойынша бейнероликтер түсіріп, сүйікті кейіпкерлерімен, кітапты жазған автормен, мазмұнымен таныстырып, оқушылар өз білімдерін кітап оқу арқылы шындай түскенін дәлелдеді.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай 1-4 сыныптар арасында «Ана – өмірдің гүлі» тақырыбында, 5-7 – сыныптар арасында «Ана – тіршіліктің тірегі» тақырыбында, 8-11-сыныптар арасында «8 наурыз – көктемнің шуақты мерекесі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Ана kelbeti» жобасы аясында «Ісмер», «Шебер қолдар» үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен «Ана-өмірдің гүлі» тақырыбында оқушылардың көркем сурет көрмесі өтті. Оқушылар мерекелік көңілмен салған суреттері арқылы аналарға деген жылы лебіздерін білдірді. 7 сыныптар арасында «Анамның жарқын бейнесі» атты үздік эссе жазу байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде:

Бас жүлдені 7 «Б» сынып оқушысы Жасбылхан Қаракөз I орын-Молдахмет Ажар 7 «В» сынып оқушысы, орын- Серикова Гүлдерай 7 «Е» сынып, Арқабай Дамира 7 «Е» сынып оқушылары, III-орын Ырысбек Нұрбек 7 «Ә» сынып, Нұрмаханов Асқар 7 «Г» сынып оқушылары иеленді.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына орай гимназияда «Аққудың қанатына жазылған жыр» тақырыбында әдеби-музыкалық кешті қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері өткізді. Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасалып, М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, ақынның өз даусымен жазылған өлеңдерін тыңдап, құмарлары қанғандай болды. Аламан бәйгеде оза шауып, өлең-жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан 9 «Г» сынып білім алушылары сахналық көріністі нақышына келтіре орындап шықты. 10-сынып оқушысы Ботан Амина өзінің арнау өлеңін арнаса, 8-9-сынып білім алушылары мәнерлеп оқу шеруін өткізу арқылы поэзия әлемінің сырын ұғындыруға ықпал етті. Бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына деген махаббатын поэзия да ғана емес өмірде де, күресте де, үлкен азаматтықпен қорғай білген М. Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес және оны жаттап өту біздің парызымыз. Жылдар тізіліп өткен сайын Мұқағали ақынның бейнесі биіктей түседі. Оның рухани қазынасын ұлт иелігіне асыратын ХХІ ғасырдың жастары. «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан -жылға, ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек!

Ұлттық тәрбие беру бағыты

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

Қазан айының 12 мен 22 аралығында ұлттық аспапты дәріптеу және халық мәдениетін насихаттау мақсатында «Мектепке домбыра сыйла» акциясы өткізілді. Акция барысында ата – аналарды және гимназия ұстаздарын демеушілікке тарта отырып барлығы 16 домбыра сыйға тартылды.

Мектеп – гимназияда 22 Наурыз мереке күнін атап өтуде бірқатар іс – шаралар өткізілді атап айтар болсақ, «Наурыз – думан», «Наурыз – жыл басы», «Наурыз берекем, Наурыз - мерекем» тықырыптарында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары, «Бауырсақ пати», «Мен дайындаған Наурыз көже», «Батаменен ел көгерер» тақыптарында челленджер, әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!» атты қайырымдылық акциясы, 5-сыныптар арасында «Ең сымбатты және инабатты» қыз тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды дәріптейтін қыздар арасында байқау өткізіліп, қатысқан қыздар жүлделі орындармен марапатталды. Өнер ӘБ мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Наурыз нұры» және «Наурыз - көктем» тақырыптарында көркем сурет көрмелері «Ұлттық қолөнер туындыл ары - баға жетпес байлықтарымыз» шығармашылық көрмесі, мектеп – гимназияның өнерлі оқушыларының ұйымдастыруымен «Армысың, әз Наурыз!» атты мерекелік құттықтау концерті өткізілді. Сонымен қатар білім алушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру және ұлттық мәдениет пен салт- дәстүрлерді танып, ауылдың тұрмыс-тіршілігін білуге бағытталған «Ауылдағы 6 күн күн» жобасы жүзеге асырылды, жобаның ережесі бойынша бала ауылдағы ата-әжесінің болмаса туысқанының үйіне барып, блог жүргізеді, видео, фотоға түсіреді, сол ауылға қатысты аңыз-әңгімелерді тыңдап, бәрін жинап әкеледі. Нәтижесінде презентация және видеороликтерін өңдеп, қорғайды. Аталған іс – шараға 6-8 –сынып оқушылары қатысты, үздік жұмыстар мазмұнды деп табылып, жүлделі орындармен марапатталды. Абай Құнанбайұлының 176 жылдығы аясында "Абай - дана, Абай - дара қазақта" тақырыбында апталық өткізілді. Апталық барысында бірқатар іс – шаралар өткізілді, атап айтар болсақ «Абайды оқы, таңырқа» тақырыбында 5,6,7- сыныптар арасында мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Іс – шара барысында оқушылар Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп, жатқа айтып, ұлы Абайды қастерлеп еске алды. Оқушылар поэзиясын сүйетіндігін көрсетіп, жүлделі орындармен марапатталды. Сонымен қатар «Абай- дана, Абай- дара қазақта» тақырыбында әдеби – поэзиялық кеш өтті. Іс-шара барысында мектеп- гимназия оқушылары өздерінің дарындылық қасиеттерімен ерекшеленіп, кемеңгер ақынға жібек сөздерін арнап, бірінен

кейін бірі тамсандыра білді. Іс шараға арнайы шақырылған «Абайтану» орталығының директоры Алмахан Мұхаметқалиқызы қатысып, Ұлы Абайдың кемеңгерлігі туралы оқушыларға ғибратты сөздер айтып, алғас білдірді. Сахналық көрініс тамашалау барысында Абай аулына бір саяхат жасағандай әсер қалды. Іс шараға қатысқан оқушылар алғысқа бөленіп, шығармашылықтарын шындаймыз деген оймен қимастықпен қайтты.

Отбасылық тәрбие беру бағыты

Мектеп жұмысының негізгі бағыттарының бірі - Отбасылық тәрбие. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу» сияқты түрлі форматта өткізіледі. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбы аясында іс –шаралар өткізілді. Сыныптарда тәрбие сағаттары, отбасылық фото көрме ұйымдастырылды. Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Бір отбасы-бір кітап» атты сурет, бейне түсірілім байқауы өткізілді. 1-9 сынып ата –аналары арасында «Тоғызқұмалақ-day» отбасылық турнирі, «**Тоғызқұмалақ-day**» турниры, «**Әкеге-ізет, анаға – құрмет**» дөңгелек үстел, «**Ең үздік – 30 отбасы**»(*Тәуелсіздікке-30 жыл*) Байқауы, «**Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем**» әңгіме, кеңес өткізілді.

13 қыркүйек-Отбасы күні мерекесіне орай «Отбасы - тәрбие басы» тақырыбында апталық өткізілді. Апталықтың мақсаты гимназияның білім беру кеңістігінде тұлғаны толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу, туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт- дәстүрлерге ұқыпты қарау; аналық қасиеті; махаббат, адалдық, достық сезімдерінің құндылығы қасиеттері мен көзқарастарын қалыптастыру мақсатында бағыт – бағдар беру. Осы мақсаттарға жету бойынша жоспар құрылып, бекітілді. Жоспарға сай 1-11 сыныптар арасында онлайн форматта «Отбасы – бақыт мекені», «Отан – отбасынан басталады» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді, «Менің отбасым»және «Отбасы күнімен құттықтау» хэштегімен челлендж ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге бейнероликтер жүктелді. Тәлімгер Шайзада Гүлназдың ұйымдастыруымен 1-4 сыныптар арасында «Менің үлкен отбасым» атты фотосурет коллажын жасау ұйымдастырылды. Мектеп психологтары ата –аналарға арналған «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» тақырыбында кеңес – видеоролигін ұсынды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Ұлттың дамуы, ұлттық бірегейлікті сақтау»

бағыты аясында «Әкемнің мамандығын мақтан етемін» тақырыбында үздік бейнеролик түсіру отбасылық байқауы өткізілді. Байқау нәтижесі бойынша үздік деп танылған бейнероликтер яғни тақырыптың мазмұнын ашқан, әкесінің мамандығын мақтан етіп, қатысқан оқушылар жүлделі орындарға және номинцияларға ие болды атап айтар болсақ, Бас жүлдені 9 «Б» сынып оқушысы Таукен Баймырза, I орынды 3 «Ә» сынып оқушысы Абенов Наби, II орынды 3 «Ж» сынып оқушысы Есенгелді Абай және жүлделі III орынды 3 «В» сынып оқушысы Мусалиева Жайна иеленді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру бағыты

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

Аталған мақсатқа жету барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының «Мектептерде экологиялық тәрбие беруді күшейту бойынша практикалық шараларды тұжырымдау» 95 -тармағына сәйкес жалпы орта білім беретін мектептердің оқушыларына арналған «Эко-күңтізбе» тақырыбында қараша айында бірқатар іс – шаралар жүзеге асырылды. Бұл іс – шаралардың басты мақсаты: оқушылардың жануарларды қорғауға, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмауға экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету. «Таза LIKE» экологиялық акциясы аясында «Таза бейсенбі» челленджі ұйымдастырылды. Оқушылардың акция барысында білім алушылар үй тазалығына көңіл бөліп, тазалықтың маңыздылығын ұғынып, бейнеүндеу жариялады. Сонымен қатар 11- сынып оқушыларының ұйымдастыруымен Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мерекесі аясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектеп-гимназия ауласына 10 ағаш отырғызылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты-жастардың арасында туған өлкесіне сүйіспеншілікті, табиғатқа жанашырлықты дарыту, экологиялық және эстетикалық тәрбиені насихаттау болып табылады. «Эко-START» жобасы аясында «Табиғатты қорғау - болашақты ойлау» экологиялық акциясы және «Табиғатты аялайық!» тақырыбында экологиялық челлендж ұйымдастырылды, гимназияның сынып жетекшілерінің қолдауымен оқушыларға экологиялық мәдениетпен қоршаған ортаны аялап қастерлеуге үйрету және қоқысты сұрыптап тастау дағдасын қалыптастыру мақсатында қоқысты сұрыптап тастауға арналған түрлі түсті жәшіктер және пайдаланаған бетпердені тастауға арналған жәшік қойылды. «Эко - START» жобасын іске асыру бойынша және оқушыларға экологиялық тәрбие беру және оқушылардың бойында қоршаған ортаға, табиғатқа және де қоғамға деген экологиялық мәдениеттерін қалыптастыру мақсатында 1-4- сынып оқушылары арасында «Табиғат - тал бесігің» тақырыбында танымдық сағат

өтсе, ал 5-9 сыныптар арасында «Табиғатты қорғау - болашақты ойлау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, Іс – шара барысында оқушылар қазіргі жағдайдағы экологияны таза қалпында ұстау мақсатында өз ойларын, өлең шумақтарын арнап, постер жасап, ойларын айтып жеткізді.

Оқу жылы	Экологиялық іс-шаралар(экофорум, акция)	Отырғызылған көшеттер, талдар мен гүлдер атауы және саны	өткізілген макулатура
2021 – 2022	«Біз жасыл қала үшін» мектепауласына тал егу акциясы	10	800 кг.
	Наурыз мерекесіне орай мектептүлектері мектеп айналасына жеміс ағаштарын отырғызу акциясы	10	
	«Дарын» ӨӨБҰ мен «Жас Ұлан»ұйымы мектеп кабинеттерін жасылдандыру мақсатында гүл көшеттерін отырғызу	50	
	«Экологиялық сағат» мектепауласына тал егу акциясы	10	300 кг.
	«Гүл ек, тал ек, туған жерді түлет!» 11 сынып оқушылармен тал егуэкологиялық акциясы	12	
	«Бір бала – бір ағаш» экологиялықакциясы	10	400 кг.
барлығы		87	1500кг.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағыты

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

Аталған мақсатқа жету барысында гимназияда «Сәлем берем ізетпен» тақырыбында 1-2 – сынып жетекшілері, «Сәлем сөздің патшасы» тақырыбында 3-4- сынып жетекшілері, «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында 5-7 –сынып жетекшілері, «Үлкеннен үйрен, кішіге үйрет» тақырыбында 8-10 сынып жетекшілері сынып сағаттары өткізіп, оқушы бойында ізеттілік, мәдени мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізді. 5-6 сыныптар арасында «Қалакүні» мерекесіне орай «Астанам – сүйікті қалам» атты фото сурет көрмесі ұйымдастырылды. Іс – шара бойынша оқушылардың қаладағы ескерткіштер мен ғимараттары жанында түскен фото суреттері бойынша бейнеролик әзірленіп элеуметтік желіге жарияланды. 1-4 сыныптар арасында «Алтын күз» тақырыбында үздік креативті гербарий және экибана жасау байқауы өткізілді, байқау нәтижесі бойынша үздік жұмыс жасаған оқушылар марапатталып, элеуметтік желіге жарияланды.

Оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру және өнер адамдарына деген қызығушылықтарын арттырып, әнге, өнерге деген құштарлықтарын ояту мақсатында өнер үйірмелеріне қатысатын оқушылардың қатысуымен, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында жүргізілетін «25 ән, 25 кітап» жобасы аясында «Әнді сүйсең менше сүй» тақырыбында Қазақ эстрадасының әншісі Нұрлан Әлімжанмен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылар әншіге толғандырған сұрақтарын қойып, қызықты әрі мазмұнды сұхбат жүргізді. Әнші әсемәнін шырқап, балаларды қуантты. Сонымен қатар, балалар бойындағы шығармашылыққа деген талпынысты арттыру, шығармашылық дамуына қолдау көрсету, дәстүрлі ән мен ұлттық күүді дәріптеп, ән өнерінің кең ауқымда өрбіуіне үлес қосу мақсатында гимназия оқушылары арасында «Біз бақытты баламыз!» атты музыкалық аспапта ойнау және ән айту байқауы өткізілді. Байқау нәтижесі:

Музыкалық аспапта ойнау номинациясы бойынша:

Бас жүлде 8 "Ә" сынып оқушысы Жумабай Мағжан -«Жұмыр қылыш» күүі, домбыра орын- Раева Нұрай 6 "А" сынып оқушысы -«Сарын» күүі, қобыз Абилахатулы Бағдәулет 9 "А" сынып оқушысы -«Адай» күүі, домбыра 1 орын - Байжігіт Раушан 8 "Д" сынып оқушысы- «Турецкое рондо», скрипка Талғатулы Нүртілек 8 "А" сынып

оқушысы – «Көңіл толқыны» күйі, домбыра 3 орын- Сатыбалдина Анель 6 "Б" сынып оқушысы – «Этюд», фортепиано Вокал номинациясы бойынша:

Бас жүлде Ортаева Назира 6 "А" сынып оқушысы – «Желсіз түнде жарық ай» әні. 1 орын- Абдил-азиз Жұлдызай 6 "А" сынып оқушысы - «Сарбаздар» әні. орын- Абдраман Алтынай 5 "В" сынып оқушысы – «Қос бәйтерегім» әні. Серікжан Жан 3 "А" сынып оқушысы – «Мен қазақпын» әні. 2 орын- Қалдыбай Зере 4 "Е" сынып оқушысы «Ерке қыз» әні.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

3 - сынып оқушыларының арасында «Ойлы болсаң озып көр» тақырыбында зияткерлік сайыс сабағы өткізілді. Іс - шара барысында оқушылар берілген математикалық, үштілділік, жаратылыстану және логикалық тапсырмаларға тапқырлық таныта жауап беріп отырды.

4 - сынып оқушыларының арасында сынып жетекшілер Айдарбекова Сағат және Салимбаева Сауле «Білімді мыңды жығар» тақырыбында зияткерлік сайыс сабағын өткізді. Сайыс сабағы барысында оқушылар түрлі логикалық сұрақтарға, жаратылыстану бағыты бойынша жаңалықтар, тіл мәдениеті мен математикалық есептеулерден қойылған сұрақтармен тапсырмаларға ерекше алғырлықпен жауап беріп, жинаған ұпай сандарына қарай жүлделі орындармен марапатталды.

5-6- сынып оқушыларының арасында шапшаң ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Ақпараттар әлемі» тақырыбында зияткерлік сайыс сабағы өткізілді. Іс

- шара барысында оқушылар пәндер бойынша алған білімдерін ерекше тапқырлықпен көрсете білді, ұйымшылдық танытып, топпен жұмыс істей білді.

Сонымен қатар 9- сынып оқушыларының арасында тарих пәнінің мұғалімі Сайпилова Амина Сайдуллаевна «Мәңгілік елдің білімді ұрпақтары» тақырыбында зияткерлік жарыс сабағын өткізді. Іс - шара барысында оқушылар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жылдарындағы тарихи фактілерге ерекше тоқталып, тарихи шешімдердің маңыздылығын атап өтіп, зияткерлік қабілеттерін шыңдады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

Қыркүйек айында 8-10 сынып қыздарымен «Салауатты өмір сүру-өз сеніміңе берік болу» тақырыбында семинар өткізді. Семинарға «Салауатты Астана» емхананың салауатты өмір салтын насихаттау дәрігері, дәрігер-терапевт Г.М.Жетыбаева, СӨС медбикесі С.А.Ыбрайымова. «Тұмау және ЖРВИ-дың алдын алу», «Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы» тақырыптарында дәріс оқып, қыздар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Жоғары сынып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасөспірімдер физиологиясының дамуы мен психоэмоционалдық өзгерістерінің ерекшеліктері» мәселелері тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Қатысушылар 9-11 сынып қыздары. Бұл дөңгелек үстел барысында жасөспірімдерде болып жатқан өзгерістерді түсінуге және ең аз психологиялық шығындармен өсу кезеңінен өтуге көмектесу, жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, болашақ гүлденген және бақытты отбасы үшін саналы көзқарас қалыптастыруға ынталандыру мәселелері айтылып, сұхбат жүргізілді. Аталған конференцияны ДТІЖО Тайшибаева Г.Н, Психолог Нургазина М., мед. қызметкер Чункунова С:Ж жүргізді.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Молдахметов Олжас, Бағдат Балкен спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 7 сәуір – Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» бюллетень сайысын өткізді.

ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау бойынша атқарылған жұмыстар

Білім беру ұйымдарында қазіргі таңда мемлекеттік рәміздерді дәріптеу ісін жаңа деңгейге көтеру мақсатында жастар арасында, оның ішінде өскелең ұрпақтың ортасында идеологиялық жұмыс күшейтілуде.

Министрлік «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңының, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай – ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (*орнату, орналастыру*) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысының талаптарын орындау көздеп отыр.


Осыған байланысты, мектеп – гимназияда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы заңның орындалуы мақсатында келесі іс - шаралар өткізілді:

1. Гимназияда мемлекеттік рәміздерді пайдалану және қолдану бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары, тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді.
2. Гимназия мекемесінде рәміздердің шығу тарихы, олардың авторлары, рәміздерді қабылдаудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың рөлі туралы насихатталды.
3. Іс – шараларды өткізу кезінде, оның ішінде ұлттық, мемлекеттік мерекелерді өткізу барысында мемлекеттік рәміздерді пайдалану талаптары қатаң сақталды.
4. Спорттық жарыстар мен патриоттық іс- шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы жоғары көтеріліп, Мемлекеттік Гимн орындалды.


Мемлекеттік Гимн әр аптаның дүйсенбі күні орындалды, Мемлекеттік мереке күндерін атап өтуде, Білім күніне арналған салтанатты жиында, т.б. іс-шараларда орындалды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздер күніне орай қашықтықтан «Тәуелсіз елімнің рәміздері» атты сурет байқауы өткізілді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Гимні онлайн форматында орындалды.


2021-2022 оқу жылындағы № 81 гимназиясының 1-4 -сыныптар арасында «Мемлекеттік рәміздерге құрмет!» тақырыбында алынған тестінің мониторингісі



**2021-2022 оқу жылындағы гимназияның 5-7 сыныптар арасында
«Мемлекеттік рәміздерге құрмет!» тақырыбында алынған тестің мониторингісі
(% көрсеткішпен)**



**2021-2022 оқу жылындағы гимназияның 8-11 сыныптар арасында
«Мемлекеттік рәміздерге құрмет-азаматтық міндет» тақырыбында
алынған тестің мониторингісі**



Білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші

Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында жыл бойына 1-11 сыныптар аралығында зерттеу жұмысы өткізіледі. Зерттеуде оқушының тәрбиеге қатысты рухани байлығы мен сапаларын сынып жетекшінің бағалауы арқылы әр оқушы туралы мағлұмат алуға және сыныптың тәрбиелік деңгейін анықтауға мүмкіндік туады. Сынып жетекшілер 11 критерийлер арқылы оқушыларды бағалайды. Оқуға қатынасы, еңбекке қатынасы, сыртқы бейнесі, қоғамдық жұмысқа, өнерге қатынасы, сабақ кезінде және үзіліс кезіндегі тәртібі, адалдығы, салауатты өмір салтына көзқарасы, ұқыптылығы, сабақтан кешікпей себепсіз қалмауы, әр критерий бес баллдық жүйемен бағаланды.

Осы критерийлердің орта балын есептеу барысында әр сыныптың тәрбиелік деңгейі анықталды. Сыныптың тәрбиелік көрсеткіштері сынып жетекшінің сыныппен жұмыс істей алуына тікелей байланысты. Кэмбридж бағдарламасы аясында жалпы мектептің негізі басымдықтары негізінде топтағы диалог, өзін-өзі бағалау арқылы оқушылардың өзін-өзі және басқаларды құрметтеуге үйренді. Барлық сыныптардағы сабақтарда топтық жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсы көрініс бере бастады. Оқушылар бірін-бірі сыйлап, ынтықмақтастықтары күшейді, оқушылардың тәрбиелік деңгейлері артты.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің салыстырмалы көрсеткіші

2021-2022 оқу жылының тәрбие көрсеткіші	2022-2023 оқу жылының тәрбие көрсеткіші	2023-2024 оқу жылының тәрбие көрсеткіші
85%	88%	92%

Жол-көлік оқиғаларынан бала жарақаттануының алдын алу және жолда жүру ережесін насихаттау бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: Оқушылар арасында жол-көлік жарақатын болдырмау, педагогикалық және ата-аналар ұжымдарының көмегімен оқушылар көшелер мен жолдарда аса көңіл бөлуді талап етуді қауіпті аймақ ретінде қабылдау қабілеттерін қалыптастыру, мектептегі және мектептен тыс іс-шараларда көліктер мен жолдарда қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тәрбие және оқу үрдісінде көшелер мен жолдарда жауапкершілікпен және саналы тәртіпті қалыптастыру.

Міндеттері:

- Педагогикалық және ата-аналар ұжымдарының көмегімен оқушылар бойында көшелер мен жолдарда аса көңіл бөлуді талап ететін қауіпті аймақ ретінде қабылдау қабілеттерін қалыптастыру;
- Мектептегі және мектептен тыс іс-шараларда көліктер жүру кезінде және жолдарда қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру;
- Тәрбие және оқу үрдісінде көшелер мен жолдарда жауапкершілік пен саналы тәртіпті қалыптастыру;

Гимназияда оқушыларды жолда жүру ережесін сақтап, үйрету мақсатында жылдық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша барлық сынып кабинеттерінде бұрыштар қайта жасақталып, сынып тәрбие сағаты және сыныптан тыс іс шаралар жүргізілді атап айтар болсақ, «Жолда жүру ережесі» 1-4 сыныптарда және «Жол қозғалысы ережелері» 5-8 сыныптарда жолда жүру қауіпсіздігі және медициналық жәрдем көрсету тақырыптарымен қоса жоспар бойынша сынып сағаттары өткізілді. Жолда жүру ережесін оқытуға жылына 1-4 сыныптарда 6 сағат, 5-8 сыныптарда 10 сағат берілген. Гимназияда жолда жүру ережесін сынып жетекшілері сынып сағаты барысында оқытады. Балалардың жолдан өту, көшедегі қауіпсіздігін сақтау, жолдағы жарақаттың алдын – алу мақсатында 2021-2022 оқу жылында 1-31 қыркүйек аралығында «Қауіпсіз мектеп» атты жолда жүру ережесі айлығы өткізілді. Айлыққа жоспар құрылып, бекітілді. Айлық барысында жоспар бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, ғимараттың өртке

қарсы және санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың орындалуын ДШЖО Смағұлова Болды және медбике Чункунова Сауле Жолдыбаевна қадағалап тексеріп шықты, ғимарат барлық нормаларды талапқа сай жұмыс атқаруда, өртке қарсы керекті құрал – жабдықтармен жабдықталған.

Гимназия мұғалімдері мен оқушылары арасында өрт кезіндегі және жер сілкінісі кезіндегі іс – әрекет және жаттығу жұмыстарын, өрт сөндіру бойыншатүсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ғимаратта өрт болған жағдайда шартты белгілермен көрсетіліп, сызылған эвакуация жоспары жасалған, барлық блоктарға ілінген.

Сонымен қатар гимназиядағы бейнебақылау камералары толықтай жұмыс жасауда, еш ақау жоқ.

Тәлімгер Шайзада Гүлназ және мектеп инспекторы Шоңғарбаева С. 1-4 сыныптар арасында «Абайла балақай!» тақырыбында мектеп оқушыларымен көшеде жүру, үйде және көшеде бөгде адармен қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. Сонымен қатар жолда жүру ережесін сақтауға байланысты жол патрульдік полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 1-4 сыныптар арасында Жолда жүру ережелері бойынша бекітілген жоспарға сай тәрбие сағаттарын өткізді. 1 – 4 сыныптар арасында оқушылардың үйге қайту және мектепке келу бағытының «Қауіпсіз жол» қозғалысының сызбасы дайындалды. Айлық барысында оқушыларға аталған белгілер туралы айтылды, ата-аналарға есте сақтау жаднамасы таратылды. 2021-2022 оқу жылының 5.01.-31.01 күндері көшеде жүру ережесін сақтау үшін «Абайлаңыз, көк тайғақ!» тақырыбында айлық жарияланды. Айлық барысында іс-шаралары өз дәрежесінде атқарылды. Атап айтсақ 1-8 сыныптар арасында «Абайлаңыз, көк тайғақ!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары, көркем сурет көрмесі, «Жас жол инспекторы» байқауы, флеш-моб іс шаралары өткізілді, жол-көлік оқиғасының алдын алу үшін ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жаднама таратылды.

Балалардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары

Мектеп	81 гимназия					
	жол-көлік оқиғасы	қайтыс болған	жарақат танған	жол-көлік оқиғасы	қайтыс болған	жарақат танған

2021-2022	-	-	-	-	-	-
2022-2023	-	-	-	-	-	-
2023-2024	-	-	-	-	-	-

Ата-аналармен бірлескен жұмыс

2021-2022 оқу жылында мектеп – гимназияда тәрбие мен мәдениетті ұштастыра отырып, үштік одақ: мектеп - ата-ана – оқушы бірлесіп көптеген жұмыстар жүргізді. Ой санасы дамыған, адамгершілігі зор, еңбекқор, сауатты, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жолындағы ата - ана, ұстаз, оқушы қарым – қатынасы ынтымақта болу жолында жұмыстар өз деңгейінде жүріп отырды. Ата - ана ұйымы ашық есік күндерінің кезекшілігін жасап, ата -аналардың мектеппен жүйелі түрде байланыс жасауына және мектеп оқушыларының материалдық- әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуіне көмек беріп отырды, сынып жетекшілер мен ата аналар тығыз байланыста болып, сынып сағаттар мен сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысуға ықпал жасады.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектепшілік ата-аналармен жұмыс жоспарын құру	Жыл басында	Мектеп әкімшілігі
2.	Ата-аналарды мектептің тәрбие жұмыстарына қатыстыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
3.	Сыныптардағы ата – аналар жиналысы	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер
I. Жалпы мектеп ішілік жиналыстар, отырыстар			
	№ 1 жиналыс	Қыркүйек	

1.	«Мектеп-ата-ана-оқушы» ынтамақтастығы		ДТІЖО
2.	Оқулықтармен қамту		Кітапханашы
	№ 2 жиналыс		
1.	1-тоқсан қорытындысы		Сынып жетекшілер
2.	Оқу тапсырмаларының көлемімен таныстыру		Дүйсетаева Ж.А
3.	Мектеп формасы туралы		Тайшибаева Г.Н
4.	2021-2022оқу жылында оқушылардыбағалау жүйесі		Бәймбетова А.А
	№ 3 жиналыс	Қазан	
1.	Мектеп – гимназия оқушыларының арасында құқық бұзушылықты алдын - алу		ДТІЖО
	№4 жиналыс	Желтоқсан	
1.	I жарты жылдық қорытындысы		Есеева Р.Р.
2.	Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтыңалдын - алу		Абдығалиева Г.А
	№ 5 жиналыс	Наурыз	
1.	Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылықтың алдын – алу жәнеинтернет желісіндегі кейбір сайттардың баланың психикалықденсаулығына		ДТІЖО

	теріс әсері		
3.	Төтенше жағдай кезінде балалардың қауіпсіздігі		Сынып жетекшілер
	№6 жиналыс	Мамыр	
1.	2021-2022 оқу жылында мектеп – гимназия оқушыларының оқу – тәрбиеүрдісіндегі жетістіктері		Сынып жетекшілер
2.	2021-2022оқу жылында жазғы мектепжұмысы		ДОҒЖО
4.	Оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы жазғы лагерь және еңбек лагерь жұмысы		. Г.А.Абдығалиева
II. Сынып жетекшілердің ата - аналармен бірлескен жиналыстары, отырыстар			
I тоқсан	<p>I. Ата-аналар комитетін сайлау</p> <p>II. «Балаларды жол-көлік оқиғаларынан сақтайық!» көшеде жүру ережесі бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстары</p> <p>III. Мектеп – гимназияның ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру</p> <p>IV. Оқушыларды оқулықпен қамту</p> <p>V. Әртүрлі мәселелер</p>	<p>Қыркүйек</p> <p>Қазан - қараша</p>	Сынып жетекшілер

	<p>I. «Отан – отбасынан басталады»баяндама</p> <p>II. 1 тоқсан қортындысы</p> <p>III. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі.</p> <p>IV. Әртүрлі мәселелер</p>		
II тоқсан	<p>I. «Балалар арасындағы интернет тәуелділік» тақырыбында баяндама</p> <p>II. 2 тоқсан қорытындысы</p> <p>III. Қысқы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі</p> <p>IV. Әртүрлі мәселелер</p>	Желтоқсан - ақпан	Сынып жететкшілер
III тоқсан	<p>I. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу басты міндет» тақырыбында баяндама</p> <p>II. 3 тоқсан қорытындысы</p> <p>III. Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі</p> <p>IV. Әртүрлі мәселелер</p>	Наурыз - сәуір	Сынып жететкшілер

VI тоқсан	<p>I. «Жазғы демалысты қызықты өткізу» баланың жазғы демалыстағы қауіпсіздігі жөнінде ата – аналарға түсіндіру</p> <p>II. «Мен және менің мамандығым» 9- 11- сынып оқушыларының мамандықтаңдауы</p> <p>III. 4 тоқсан және 2020-2021 оқу жылының қорытындысы</p> <p>IV. Әртүрлі мәселелер</p>	Мамыр	Сынып жетекшілер
------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------	-------------------------

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы

2021-2022 оқу жылына сыныптағы оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуын қадағалау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-аналармен байланысып, олардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, сыныптағы өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастыру және тәрбие іс-шараларын өткізу үшін 1-11 сынып оқушыларына 55 сынып жетекші тағайындалды.

Тамыз айында 2021-2022 оқу жылындағы сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспары бекітілді. Жыл басында жылдық жоспармен таныстырылды, жоспар негізінде.

1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына қатысу;
2. Күнделікті сынып сағаты жоспарларының жазылу барысын бекіту;
3. Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын жүзеге асыру;
4. Сынып сағаттары, сыныптан тыс кештер мен іс - шаралардың өтілуіне талдау жасау
5. Бірлестік мүшелерінің өзекті тақырыптарына қорытынды жасай отырып, инновациялық жұмыстарға жетелеу;
6. Әр сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану;
7. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануын қадағалау;
8. Оқушылардың үйірмелерге, пәндік апталықтарға көбірек қатысуын қамтамасыз ету;
9. Сынып белсенділерінің, дарынды оқушылардың жұмысын анықтау және олармен жұмыс жүргізу;

10. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
11. Дарынды, өнерлі оқушылармен жұмыс жүргізу,
12. Психолог кеңесі (пікірін таңдау);
13. Жас сынып жетекшілерінің сынып сағаттарына қатысып, көмек көрсету;
14. Озық тәжірибелі, жаңашыл жетекшілердің іс- тәжірибесін оқып-үйрену;
15. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шығармашылығының есебін тыңдау, бағалау, насихаттау. Арнайы бет, буклет, плакаттар шығару;
16. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу;

2021-2022 оқу жылында мектепшілік сынып жетекшілер ӘБ әдістемелік отырысының жылдық жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Аяқтау нысаны	Жауапты адам	Орындалу мерзімі
Ұйымдастыру жұмыстары				

1.	<p>1. Сынып сағаттарына қатысу, талдау жасау.</p> <p>2. Күнделікті сабақ жоспарларының жазылу барысын бекіту.</p> <p>3. Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын жүзеге асыру.</p> <p>4. Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс - шаралардың өтіліуіне талдау жасау.</p> <p>5. Бірлестік мүшелерінің өзекті тақырыптарына қорытынды жасай отырып, инновациялық жұмыстарға жетелеу.</p> <p>6. Әр сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында жаңа технологиялық әдіс- тәсілдерді қолдану.</p> <p>7. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануды қадағалау.</p> <p>8. Оқушылардың үйірмелерге, тәрбиелік іс - шараларға көбірек қатысуын қамтамасыз ету.</p> <p>9. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін тыңдау, бағалау, насихаттау.</p>		<p>ДТІЖО Сынып жетекші лердің ӘБ жетекші лері</p>	<p>Үнемі Үнемі</p> <p>Үнемі Үнемі</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Үнемі</p> <p>Уақытында</p> <p>Жыл бойы Үнемі</p>
<p>Қыркүйек</p> <p>Тақырыбы: «Тәрбие жоспары- сынып жетекшісінің шығармашылық зертханасы»</p>				

	<p>1. Сынып жетекшінің портфолиосы. 2. Сынып жетекшінің 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмыс жоспары. 3. «Жолда жүру ережесі» айлығын өткізу бойынша әдістемелік нұсқау. «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы заңның» орындалуы бойынша нұсқаулықпен таныстыру</p>	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТІЖО Сынып жетекшілердің ӘБ жетекшілері	Қыркүйек
Қаңтар Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»				
3.	<p>1. Ата – аналар мен сынып жетекшінің бірлескен іс – әрекетін ұйымдастыру 2. Сынып жетекшілерінің ІІ жартыжылдық бойынша жұмысына талдау жасау.</p>	Сынып жетекшісі ӘБ отырыс	ДТІЖО Сынып жетекшілердің ӘБ жетекшілері	Қаңтар
Наурыз Тақырыбы: «Тәрбие қызметін сапалы жетілдіру»				
4.	<p>1. 1-4 сынып жетекшілердің мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша жұмыстарды қадағалау. 2.5-8 сынып жетекшілердің мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша жұмыс есебі. 2. Балалар мен жасөспірімдердің арасында құқыбұзушылықтың алдын-алу шаралары.</p>	Сынып жетекшісі ӘБ отырыс	ДТІЖО Сынып жетекшілердің ӘБ жетекшілері	Наурыз
Мамыр Тақырыбы: «Тәрбие үрдісін жүйелі талдау оны оңтайландырудың шарты ретінде»				

5.	1. 9-11 сыныптардың жағдайын бақылау, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын қорытындылау. Соңғы қоңырау мен Мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. 3. Тәрбие мониторингі нәтижесі. 4. Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру.	Сынып жетекші ӘБ отырысы	ДТЖО Сынып жетекші лердің ӘБ жетекші лері	Мамыр
----	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------	----------------------------------------------------------	-------

Сынып жетекшілері туралы мәлімет

Барлық сынып жетекшісінің саны	Санаты					Біліктілікті арттыру курсынан өткені (соңғы үш жыл ішінде)	
	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ	Саны	%
55	12	21	13	9	19	31	56,3

«Адал ұрпақ» клубының жұмыстары

№	«Адал ұрпақ» клубы мүшелерінің саны	Атқарылған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылған оқушылар саны

1.	52	Адалдық дүкені	Сатушысыздүкен	1719
2.		«Біздің болашағымыз жарқын», «Адал болайық»	Сынып сағаттары	920
3.		«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі»	Сурет байқау	60
4.		«Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу»	Іскерлік ойын	30
5.		«Сананды сақта жас ұрпақ!»	Акция	260
6.		«Біздің таңдауымыз-заңды мемлекет»	Дөңгелекүстел, пікірлесуалаңы	103
7.		«Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек»	Эссе байқауы	20

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы

Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша 2011 жылы 6 шілдеде «Елорда күніне» орай «Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болыптабылады.

«Жас Қыран, Жас Ұлан» ББЖҰ-ның мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық,

біліммен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Қыран, Жас Ұлан» ББЖҰ- ның міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рұхани адамгершілік әлеуметтік қалыптастыру;
- Балалар мен жас өспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жас өспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Жас Ұлан» ББЖҰ қабылданған оқушылар

Жыл	Жас ұландықтар	Жас қырандықтар	Барлығы
2021-2022	312	284	596

«Жас Ұлан» ББЖҰ 2021-2022оқу жылында атқарылған іс – шаралар

	Аталған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылған оқушы саны
1.	«Отбасым бақыт мекенім»	Бейнероликбайқауы	10

2.	«Қарттары барүйдің казынасы бар»	Құттықтау бейнеролигі	15
3.	«Астанам-сүйікті мекенім»	Сурет көрмесі	15
4.	«Адалдық - ардыңісі»	Үндеу	10
5.	«Бір күнде-бір жақсылық»	Акция	20
6	«Жарысайықбәріміз!»	Спорттықжарыс	30
6.	«Жүректе қалғанотты жылдар»	Кездесу ұйымдастыру	25
7.	«Туған елге мыңалғыс!»	челлендж	30
11.	«Мен дайындағанНаурыз көже»	Бейнеролик байқауы	20
12.	«Жасыл әлем»	Сурет байқауы	20
13.	«Аталар аманаты»	ҰОС ардагерлерінЖеңіс күнімен құттықтауға арналған челендж	13

Мектеп парламентінің жұмысы

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялыққұндылығы және болашақ адами капиталы.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызметдағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.

4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпыжиналысы.

2021 жылдың қыркүйек айында Мектеп Президенті сайлауы өтті. Сайлауға үміткерлердің визит карточкалары, видеороликтері мектебіміздің әлеуметтік желісіндегі парақшаларда орналастырылды. Сайлауға 9-10 сынып білім алушылары қатысты, ең көп дауыс (412 дауыс) жинаған үміткер Мектеп Президенті болып 9

«А» сынып білім алушысы Замантаева Динара сайланды. Сонымен қатар гимназияда «Парасат» өзін - өзі басқару ұйымының жұмысын ілгерілету мақсатында мектеп - гимназия президенті Замантаева Динараның салтанатты түрде ант беру рәсімі және «Мектеп парламентінің» министрлерін тағайындау іс - шарасы өткізілді. Іс - шара барысында гимназия президенті – Замантаева Динара

Құқық және тәртіп фракциясы – Нурбедиев Нұрсұлтан

Ақпарат фракциясы – Елберген Ерлен

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы – Мукшев Бекасыл

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы – Қауас Жанерке

Қамқорлық фракциясы – Отарбаев Асхат

Мәдениет және өнер фракциясы - Байбуринов Бекарыс

Дебат қозғалысының фракциясы - Ерғара Нұрай

Экология және еңбек фракциясы - Тәліп Таян

Әділет фракциясы - Тоқтасын Еркебұлан

Бұхаралық хатшы - Қойшыбек Мейірім болып тағайындалды. Гимназия директоры оқушыларды құттықтап, салтанатты түрде төсбелгілерін тақты. Тағайындалған министрлерге және гимназия президентіне оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие ала отырып жан-жақты дамуына өз үлестерін қосып, жүйелі жұмыс атқарады. 2021-2022 оқу жылында «Парасат» ӨӨБҰ мүшелері атқаратын іс – шаралар жоспары құрылып, сол жоспарға сәйкес ұйым мүшелері оқушылармен біріге отырып экологиялық, еріктілік, өлкетану, туристік, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени,

көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық бағыттағы іс – шараларды өз дәржесінде ұйымдастырды.

№	Мүшел ерінің саны	Атқарылған жұмыс атауы	Өтілу формасы	Қамтылғандар саны
2021-2022	9	<p>«Әкем, анам және мен» онлайн форматта спорттық жарыс, «Жүректенжүрекке» қайырымдылық акциясы, «Бір бала - бір ағаш» экологиялық акция, "Қыздарға жарасады әдемілік, әдептілік" қыздар жиналысы</p>	<p>Спорттық жарыс, қайырымдылық акциялар, мерекелік құттықтау іс - шаралары, қыздар жиналысы, дөңгелек үстел, саяхаттар, акциялар</p>	950
Барлық іс-шара саны - 12				
Барлық қамтылғандар саны - 950				

ҰОС, тыл және еңбек, Ауған соғысы ардагерлерімен жұмыс

Ұлы Жеңістің 76 жылдығына орай іс – шаралар жоспары құрылып, бірқатар іс – шаралар атқарылды. Атап айтар болсақ, 1-4 сынып оқушылары арасында «Менатаммен мақтанамын», «Атамның аманаты», «Атама хат» тақырыптарында бейнеүндеу, 5-8 сынып оқушылары арасында «Мың тағзым, Ұлы Жеңіске!» мәнерлеп оқу челленджері, «Ер есімі – ел есінде» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларымен «Ерлік сағаты», 4-6 сынып оқушыларымен «Жеңіс балалар көзімен» көркем сурет көрмесі, «Желбіре, Жеңіс Алауы!» атты соғыс жылдарында айтылған өлеңдер топтамасы, сонымен қатар соғыс және еңбек ардагерлерін қолдауға бағытталған қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырылды.

№	Аталған жұмыс атауы	Қамтылған саны
1.	«Ауған: сөнген шоқ, өшкенарман, тек сенен есте қалған...» атты Ауғансоғысының ардагерлеріменкездесу кеші	45
	«Мен атаммен мақтанамын», «Атамның	35

	аманаты», «Атама хат»бейнеүндеу	
	«Мың тағзым, Ұлы Жеңіске!» мәнерлеп оқучелленджі	25
	«Ер есімі - ел есінде» ерліксағаты	50
	«Жеңіс балалар көзімен»көркем сурет көрмесі	35
	«Желбіре, Жеңіс жалауы!»әндер топтамасы	15
	Барлығы:	205

Дебат қозғалысы

Дебат клубы бойынша гимназияда «AES» дебат клубы 2021-2022 оқу жыл бойына өз жұмысын жүргізді, клуб жетекшісі Алпыспаева А.К клуб мүшелерімен бірлесе отырып бірқатар іс – шаралар өткізді: қазан айында 9-11 сыныптарға «Пікірсайыстың түрлері мен жалпы түсінігі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. қараша айында 9-11 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ», «Қоғам өміріндегі құқықтың рөлі» тақырыптарында пікір сайыс ойыны ұйымдастырылды, желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектепшілік турнир ұйымдастырылған болатын. Турнирге гимназияның 9-11 сынып оқушылары арасында 6 фракция өзара бақ сынасты, қаңтар мен ақпан айларында «Үкімет және оппозицияның стратегиясы» және «Пікірсайыс не береді» тақырыптарында ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді, наурыз айында «Қазақстанның БҰҰ кіргеніне 30 жылдығына» орай №32 орта мектептің оқушыларымен тәжірибе алмасу мақсатында диалог алаңы өтілді, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай

ұйымдастырылған мектепшілік мектеп оқушылары арасындағы турнирде 2 команда арасында 1/4финалдық ойынан дейін жетті.

2021-2022 оқу жылында гимназияда оқушылар арасында 8 бағыт бойынша тәрбиелік жобалар жүзеге асырылды, олар:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру бағытында - «Құқықтық сана – қоғамға пана» жобасы;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында- «Оқуға құштар мектеп», «Қапқор» жобалары;
3. Ұлттық тәрбие беру бағытында - «Дәстүр мен ғұрып», «Ауылдағы 6 күн» жобалары;
4. Отбасылық тәрбие беру бағытында - «Отбасы – орта мектеп» жобасы;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру бағытында - «Үнем – қоғам қуаты», «Еңбек – елдің мұраты», «Эко – Start» жобалары;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағытында - «Туған жерге тағзым», «Замандас» драма – театр үйірмесі;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында – «Дебат» қозғалысы;

Жүргізілген жобалар аясында оқушылар бойында рухани – адамгершілік, ұлттық тәрбие, жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, отбасылық тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында іс – шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоба жетекшілері тағайындалды, іс – шаралар жоспарына сай жоба жетекшілері дөңгелек үстел, экологиялық және қайырымдылық акциялар, челлендж, байқау, жетістікке жеткен кәсіпкерлермен, мектеп – гимназия түлектерімен кездесулер, бейнероликтер көрсетілімдері, презентациялар көрсетілімі және т.б. іс – шаралар өткізілді.

Қорытынды

Гимназияда 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарын іске асыру барысында «Адал ұрпақ» клубы, «Жас Ұлан» ББЖҰ, «Парасат» ӨӨБҰ 1-11 сынып оқушыларын

қамти отырып, тәрбие жоспарының бағыттары негізінде жұмыс жүргізілді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында «25эн, 25 кітап», «Туған жерге тағзым», «Адалдық- арымның ісі», «Qamqor» әлеуметтік еріктілер жобасы, «Ауылдағы 6 күн» жобасы, «Эко-START» жобасы, «Ана kelbeti» жобалары жүзеге асырылды. . Тәуелсіздіктің 30 жылдығы, А. Байтұрсынұлының 150 жылдығы, Семей полигонының жабылуының 90 жылдығы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуының 30 жылдығы, Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығы, М.Әуезовтің 125 жылдығы, Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай іс – шаралар өз деңгейінде ерекше аталып, өткізілді, «2022 жыл- Қазақстанда «Балалар жылы» болып жариялануына байланысты, 2021-2022 оқу жылының екінші жарты жылдығында өткізілген барлық тәрбиелік іс – шаралар «Балалар жылы» аясында өткізіліп отырды.

Сонымен қатар педагогикалық кеңесте «Тәрбие мен құқықтық мәдениеттің негізі – білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру», «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру», директор жанындағы кеңесте «Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы, «Отбасы тәрбиесі», «Рухани- танымдық, адамгершілік тәрбие беру айлығының қорытындысы», «Оқушылардың мектепшілік және мектептен тыс үйірмелерге қамтылуы», «ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмысы», «Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие», «Үйірме жұмысының жүргізілу деңгейі», «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі айлығының қорытындысы», «Ұлттық тәрбие беру айлығының қорытындысы», «Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Жол-көлік оқиғаларының алдын алу жұмыстарының қорытындысы», «Жас Ұлан Жас Қыран» ұйым жұмысының қорытындысы», өндірістік жиналыста «Тілдер мерекесі апталығының қорытындысы», «Жолда жүру айлығының қорытындысы», «Сыбайлыс жемқорлықпен күрес», «Діни экстремизммен күрес жұмыстары» тақырыптарында мәселелер қаралды.

Күшті жағы	Әлсіз жағы
<p>Ұлттық , мемлекеттік ,кәсіби мерекелерге арналған іс-шаралардың өз деңгейінде жоспарға сәйкес жүргізілу жүйелілігі. 2.Тәрбие үдерісінің барлық нормативтік</p>	<p>Тәрбие жобалары бойынша мектептің өзін-өзі басқаруы, «Оқуға құштар мектеп» , «Еңбек – елдің мұраты», «Қоғамға қызмет» , ТЕД х жобалары және орта буындағы Дебат жұмысын</p>

<p>күжаттарының әкімшілік тарапынан номенклатураға сәйкес толық жинақталуы.</p> <p>3.Тәрбие жобалары : Дебат, «Отбасы – мектеп»; «Күқықтық сана – қауымға пана»; «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» , «Музей сабақтары»; «Театр сабақтары» жобасы өз деңгейінде жүргізілді.</p> <p>4.Тәрбие бағыттары бойынша «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және күқықтық тәрбие», «Ұлттық тәрбие», «Отбасылық тәрбие, экологиялық тәрбие», «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі», «Дене шынықтыру, салауатты өмір салты» іс шараларын сынып жетекшілерінің жауапкершілікпен белсене араласуы</p>	<p>және «Адал ұрпақ» клубы, «Жас сарбаз» балалар қоғамдастығы жұмысын жандандыру қажеттілігі .</p> <p>2. Тәрбие бағыттары бойынша «Рухани-адамгершілік тәрбие», «Еңбек және Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие іс-шараларын жүйелеу.</p> <p>3. Психологиялық қызмет және сынып жетекшілерінің өзара іс-қимыл әрекеттеріндегі орын алған олқылықтар.Сыныптың әлеуметтік ахуалына зерттеу,сараптау жүргізудегі кемшіліктер.</p> <p>4.Әлеуметтік қызметті ұйымдастыруда ата-аналар, оқушылар,мектеп мұғалімдері үшін кеңестер,диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру .</p>
<p>Қауіптер</p>	<p>Мүмкіндіктер</p>
<p>1.Тәрбиелік іс-шараларға орта буын оқушыларының қызығушылығының төмендеуі.</p> <p>2.Кибербуллинг қауіпсіздігі,әр түрлі жағдаяттардағы оқушылар қауіпсіздігі,электронды темекі зияны туралы ақпараттандыру және жекелеген жұмыстар жүргізу,мектеп формасының талапқа сай болуын үнемі бақылауда ұстау.</p>	<p>1.Сынып жетекшілерінің функционалдық міндеттерін жақсы деңгейде атқаруы. Өз тәжірибесімен шығармашылық орта қалыптастыруға мүмкіндік бар.</p> <p>2.Қосымша білім беру орталықтарында түрлі үйірмелерге қатысатын оқушылардың мектеп бойынша 50 пайыздан артық қамтылуы . Осы оқушылар базасын пайдалана отырып,сынып жетекшілері тарапынан түрлі инновациялық жобаларды жүргізуге тарту.</p> <p>3.Сындарлы диалог және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу тәсілі және дауларды шешуде мектеп</p>

2021-2022 оқу жылының тәрбие үдерісіне свод талдама жасау негізінде төмендегі проблемалық мәселелер анықталды:

- Сынып жетекшілері тарапынан ата-аналармен өзара байланыс кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастықтың әлсіздігі;
- Өзін-өзі басқарудың инновациялық жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі –шығармашылық , ұжымдық және жеке формаларын дамыту.Осы тұрғыдан алғанда көшбасшы оқушылардың бірлескен ынтымақтастығын жүйелі қалыптастыра алмауымыз.
- Қазіргі білім беру жүйесінде психологиялық қызмет қажетті құрамдас бөлікке айналды. Педагог-психологтармен білім алушыларды оңалту,түзету және басқа да психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек көрсету жұмыстарын жандандыру;

Шешу жолдары :

- Мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыруда ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толық тарту, ата-аналарды тәрбиелеу әдістерімен, балалардың физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныстыру, ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысы (үйірмелер, секциялар, клубтар, тренингтер, сапарлар), балаларды тәрбиелеу деңгейін бірлесіп бағалау, ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысуы.
- Өзін – өзі басқарудың инновациялық жүйесін жүйелі жүргізу. Сыныптардағы өзін-өзі басқару: сынып жиналысы, сынып активі, жұмыс секторлары. Мектептің өзін-өзі басқаруы:мектеп активі. Жалпы мектептік оқушылардың өзін-өзі басқаруы: жоғары сынып оқушыларының Кеңесі . Жалпы мектептік өзін-өзі басқару: мектеп кеңесі: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер. Жалпы мектептік конференция.
- Сынып жетекшілері мен мектеп психолгі ,әлеуметтік педагог,пән мұғалімдері бірлесе отырып сыныпты зерттеу арқылы ,әр оқушыға жекелеген диагностика жүргізуді жүйелеу

Тәрбие жұмысының 2022-2023 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы,мақсаты, міндеттері

Гимназияда 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері

шеңберінде іске асырылды, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз етуге бағытталған.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
2. «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;
3. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
4. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы;
5. «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы;
6. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Мектеп – гимназияның «Ұлағат» тәрбие орталығының тақырыбы: Ұлттық мәдениетті жаңартушы дарынды тұлға қалыптастыру.

Мақсаты: Оқушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, жоғары интеллектуалды және рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, шығармашыл, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- Дарынды балаларды анықтау және білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында

әдістемелік бірлестік жұмысын мектептен тыс ұйымдармен өткізілетін іс-шараларды қамти отырып жоспарлау;

- Сынып сағаттарын жаңа оқу бағдарламасына сәйкес жаңа интербелсенді әдіс-тәсілдерді ықпалдастыра отырып ұйымдастыру;
- Балалар арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі практикалық әдістерді меңгеру;
- Оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды орындау;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы, экологиялық мәдениетін дамыту, оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін, сонымен қатар салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеруі үшін қолайлы кеңістік орнату;
- Спорт және өнер үйірмелері бойынша 2022-2023 оқу жылында халықаралық байқаулардың және олимпиада жүлдегерлерін дайындау;

Күтілетін нәтиже:

- Жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын азамат. **Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаты негізінде гимназияда тәрбие**

жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты.

2022-2023 оқу жылында білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде мектеп-гимназияда келесі жобалар іске асырылды:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы;
- «Отбасы – орта мектеп» жобасы;
- «Дәстүр мен ғұрып» жобасы;
- «Еңбек елдің мұраты» жобасы;
- «Үнем – қоғам қуаты» жобасы;
- «Туған жерге тағзым» жобасы;
- «Qatqor» әлеуметтік еріктілер жобасы;
- «Эко-START» жобасы;
- «Дебат» қозғалысы;
- «Парасат» өзін – өзі басқару;

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиеберу бағыты

1 қыркүйек - Білім күніне орай 1-11 сыныптарға арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Сонымен қатар барлық сыныптар үшін «Менің мектебім-ең керемет мектеп!», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»; Бірінші сынып оқушыларына арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім»; 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»; 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»; 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»; Ата-аналар мен 1- сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып- өмірдің жаңа кезеңі»; Сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!» тақырыптарында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик

орналастырылды. 1-11- сыныптарға «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп психологтары 9-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Іс – шара барысында оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мәлімет беріліп, адам жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екендігін түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға өздері жүрген ортада мейірімді болуға, бойларындағы адами қасиеттерді сақтап, әдепті, тәртіпті жәнәтәрбиелі болуға қаншалықты маңызды екендігін түсіндірді. 25 қазан- Республика күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Менің Отаным - Қазақстан!», «Қазақстан еліне саяхат», «Егемен елім - Қазақстан» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар аталған мереке күніне орай «Қыран елім - Қазақстаным!» атты мәнерлеп оқу челленджі, «Жайна, жаса, Қазақстан!» тақырыбында кітап көрмесі, «Менің Отаным – Қазақстан» атты сурет көрмесі, 5-11-сыныптар арасында «Қыран елім-Қазақстаным!» тақырыбында диктант жазу ұйымдастырылды. Диктант мәтіні оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты алынды. Аталған іс – шаралардың мақсаты - оқушыларды Отанды, туған елін, жерін сүйіп, қастерлеуге тәрбиелеу.

11 қараша – Балалар құқығын қорғай күніне орай «Заң және мен» тақырыбында ҚР негізгі заңдары бойынша кәмәлетке толмағандардың құқықтарымен таныстыру мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. Іс шара барысында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді және «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында ақпараттық бұрыш ілінді.

Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай 1-11 сыныптарда «Тәуелсіздік таңы», «Тәуелсіздік тұғырым», «Тәуелсіз Қазақстаным!» тақырыптарында сынып сағаттары, «Менің Қазақстаным» тақырыбында қазақ тілі ӘБ мұғалімдерінің ұйымдастырумен мәнерлеп оқу челленджі, «Тәуелсіздік елімнің шамшырағы» тақырыбында көркем сурет көрмесі, сонымен қатар «Балалар жылы» аясында «Тәуелсіздігім – баға жетпес байлығым» тақырыбында мерекелік концерттік іс – шарасы өткізілді.

9-10 сынып оқушыларының құқықтық сауаттылығын арттыру, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу мақсатында «Жасөспірімдер тарапынан құқық бұзушылық әрекеттер» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында қарастырылған сұрақтар: кәмәлетке толмағандар арасындағы көп кездесетін қылмыстар, қылмыс бойынша жауаптылық басталу жасы, жасөспірімдердің зиянды әдеттерге әуес болуы. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағыты бойынша

1 қазан-Қарттар күніне орай сынып жетекшілер 1-11 сыныптар арасында «Қарттарым – асыл қазынам», «Қарттарын сыйлаған - ел ардақты» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. Тәлімгер Шайзада Г. «Жас ұлан» ББЖҰ мүшелерімен «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында қарттар үйінен мектепке қарттарды шақырып,, мерекелік құттықтау концертін қойды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі шығармалар тізімі жасалып, оқушыларға презентация жасалып, оқуға ұсынылды.

Қазан айының бірінші аптасы «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай 1 – 11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері «Ұстаз – ұлағатты есім», «Ұстазыма мың алғыс», «Ұстаз – мектептің жүрегі» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. 5-10 сыныптар арасында «Ұстаз - ұлы есім» тақырыбында көркем сурет көрмесі ұйымдастырылды, «Ұстазыма мың алғыс!» хештегімен ұстаздарды құттықтау бейнероликтері дайындалып, әлеуметтік желіге жүктелді. «Парасат» ӨӨБҰ мүшелерінің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары пән мұғалімдеріне дублер болып, «Дулбер күні» өткізілді. Сонымен қатар мектеп – гимназиямыздың 2021 және 2022 жылғы түлектері құттықтау бейнероликтерін жолдады. Аталған мереке күніне орай 5.10. күні мектеп – гимназия ұстаздарын құттықтау іс – шарасы өткізілді.

Қараша айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5-9-сыныптар арасында «Абай – дара, Абай - дана» атты Абайдың «Толық адам» рухани мұрасын насихаттау мақсатында қара сөздері мен өлеңдерін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәнерлеп, жатқа айту байқауы ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша оқушылар жүлделі орындармен марапатталды. Бас жүлдемен Шәдібек Ақнұр, 1- орынмен Билицбек Толғанай, Аманбай Бақдәулет, 2-орынмен Дәулеткерей Мерей, Медеуұлы Ерасыл, Мақсат Әл-Салих, 3-орынмен Болатбек Нұрбибі, Илияс Батыржан, Жамбаев Еркебұлан, Серікова Еңлік, Дәулеткерей Жібек марапатталды.

Желтоқсан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бала үні» акциясы аясында 8-10 оқушылары арасында «Жамбыл жырлары» атты мәнерлеп оқучелленджі ұйымдастырылды

Қаңтар айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды ата – аналарымен бірге кітап оқуға баулу мақсатында «Үздік оқырман отбасы» бейнероликтер байқауы ұйымдастырылып, үздік жұмыстар жүлделі орындармен марапатталды, атап айтар болсақ 1-орынмен 9 "Ә" сынып оқушысы Өмірзақ Алинаның отбасы, 2-орынмен 7 "Д" сынып оқушысы Шермаханова Камила мен 3 "Б" сынып оқушысы Сералы

Айсұлтанның отбасы, 3-орынмен 10 "А" сынып оқушысы Ортаева Диляраның, 8 "Б"сынып оқушысы Марат Аяжанның, 6 "Г"сынып оқушысы Серікова Еңліктің жанұялары марапатталды. Сонымен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевтың 110 жылдығына орай 5-8 сыныптарға сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді.

Ұлттық тәрбие беру бағыты

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында 7- сынып қыздарымен «Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық өркендеудің негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс – шара барасында қыздар ұлттық нақышта қолөнер бұйымдарын жасап, таныстырды. Оқушыларға ұлттық дәстүр мен ғұрыптарды дәріптей отырып, оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында «Еңбек түбі береке» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар бөлме гүлдерін баптап, өсіруді және тоқыма қолөнер бұйымдарын жасауды үйренді. Өнер бірлестік мұғалімдерінің ұйымдастыруымен және «Ісмер», «Қолөнер», «Шебер қолдар» үйірмесі мүшелерінің қатысуымен «Сиқырлы қыс» тақырыбында қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде қыстың көркем көрінісіне жасалған қолөнер бұйымдары қойылды. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында жетекшілері Алимжанова Т., және Сексенбаева Ж. ұйымдастыруымен оқушыларға ұлттық дәстүр мен ғұрыпты дәріптеу мақсатында «Ұмыт болған салт - дәстүрлер» тақырыбында танымдық сағат өткізді. Іс- шара барысында оқушылар шілдеhana, бесік той, тұсау кесер, сүндет той, бәсіре және т.б. ұлттық ғұрыптардың маңызымен танысып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Отбасылық тәрбие бағыты

13 қыркүйек - Отбасы күні мерекесіне орай 1-11 сыныптар арасында «Отбасы – бақыт мекені», «Отан – отбасынан басталады» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді, «Менің отбасым» және «Отбасы күнімен құттықтау» хэштегімен челлендж ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге бейнероликтер жүктелді. Тәлімгер Шайзада Г. 1-4 сыныптар арасында «Менің тату отбасым» атты фотогалерея ұйымдастырды. «Отбасы - орта мектеп» жобасы аясында «Ұрпақ тазалығы - ұлт тазалығы» тақырыбында 5-сынып оқушыларымен әкелердің қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Іс – шараға 5 «Е» сыныптың ата – анасы Қоқанов Еркебұлан қатысып, бала тәрбиесіндегі әкенің орын бөлек екендігін білдіріп, балаларға нақыл сөздер айтып, сұхбат жүргізді. «Сәлем – сөздің анасы» тақырыбында тақырыбында «Отбасы

– орта мектеп» жобасы аясында жетекшісі Жунисова З. және сынып жетекші Қоныс З. әкелердің және аналардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізді. Іс шараға қатысқан аналар және әкелер бала тәрбиесіне өз үлестерін қосып, сұхбат жүргізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1-4 сыныптар арасында «Мен анаммен кітап оқимын» атты бейнероликтер байқауы ұйымдастырылып, қатысқын ата – аналар номинациялармен марапатталып, алғысқабөленді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру бағыты

Еліміздің барлық аумақтарында ұйымдастырылған «World Cleanup Day 2022 / Birge – taza Qazaqstan » атты бүкіләлемдік акциясын қолдау барысында «Жас Ұлан» ББЖҰ және «Парасат» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерінің ұйымдастырумен мектеп ауласына гүл көшеттері отырғызылды. Сонымен қатар «Эко - Start» жобасының жетекшісі Абсалямова Адельдің ұйымдастыруымен «Ең жасыл кабинет» байқауы өткізілді, нәтижесінде «Ең жасыл бұрыш» номинациясы 208 кабинет, «Ерекше гүлдер» номинациясы 106 кабинет, «Эстетикалық безендіру» номинациясы 203 кабинет, «Үздік флорист» номинациясы бойынша 3 «Б» сыныбы, сынып жетекшісі Қасымжанова Н.Ж марапатталды.

«Еңбек-елдің мұраты» жобасы аясында 15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай 8- сыныптар арасында «Ұлттық валютамыз - тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: оқушыларды ұлттық теңгенің шығу тарихымен таныстыру, рәміздерімізді құрметтеуге, тәуелсіз қазақ елінің жетістіктерін, тарихын білуге тәрбиелеу. Оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Қазан айында бойынша 1-4 сыныптар арасында «Алтын күз» тақырыбында гербарий жасау байқауы ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша оқушылар жүлделі орындармен марапатталды. Сонымен қатар педагог кәсіби бағдар беруші Құрманғалиева А ұйымдастыруымен 2021 жылғы түлектердің қатысуымен «Аталар жолымен, ағалар ізімен» тақырыбында мамандық таңдауда бағыт – бағдар беру мақсатында кездесу өткізілді. Кездесу барысында 11- сынып оқушылары түлектерге сұрақ қойып, сұхбат жүргізді. «Таза LIKE» атты экологиялық тал егу акциясы барысында «Жас Ұлан» ББЖҰ мектеп – гимназия ауласына 5 түп ағаш отырғызылды. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы аясында «Мамандық таңдау уақыты» тақырыбында 9-10 сыныптар арасында бейнероликтер түсірілімі өткізілді. Оқушылар мұғалім, дәрігер, архитектор-құрылысшы,

IT мамандықтарының, әскери және спорт саласының дамуына үлес қосуға ат салысатынын бейнероликте айтып өтіп, жүлделі орындармен марапатталды. Сонымен қатар «Мамандықтар әлемінде» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында көркем сурет байқауы ұйымдастырылды, оқушылар өз арманындағы түрлі мамандықтарды ақ қағаз бетіне суреттеп, үздік жұмыстар жүлделі орындармен марапатталды.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағыты

«Туған елге тағзым» экспедициясы туған өлкенің тарихын, географиясын, экономикасын, мәдениетін зерделеу және зерттеу арқылы өз Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің ең үздік үлгісі болып табылады. Экспедиция бағдарламасында оқушылардың бойында практикалық іс-әрекеттің түрлі тәсілдерін қалыптастыратындай оқу- зерттеу, мәдени-ойын-сауық, спорттық-сауықтыру шаралары қамтылған. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында, «Карлаг» мұражайында болып, АЛЖИР тарихымен танысады.

Өлкетану-зерттеу экспедициясының қорытындысы бойынша оқу жылы барысында оқушылар ғылыми жобалар, эссе, шығармалар жазып, туған өлке бойынша жолнұсқаулар құрастырады, теледидар, баспасөз құралдары мен радиоға арналған арнайы репортаждар дайындайды. «Туған елге тағзым» өлкетанулық экспедиция туған өлкені танып білуге, оқушылардың бойында туған елдің ерекшелігі мен оның қыр-сырын білуге, оқушы бойында патриоттық сезімді арттыруға бағытталған. Танымдық экскурсия соңында әр оқушы өткен тарихымызды естен шығармай, әрқашан қастерлі жерімізді аман сақтап жүру қажет екенін түсініп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге көп мүмкіндік беретінін түсінеді.

9-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында аналардың қатысуымен дөңгелек үстел, сонымен қатар гимназия медбикесі Чункунова «Қыз бала-болашақ ана» тақырыбында қыздарға арналған дәріс өткізді. Аталған іс – шараға акушер - гинеколог Манап Диана қатысып, «Қыз бала гигиенасы, репродуктивті денсаулық және ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында қыздарға тәрбиелік мәні бар бейнероликтер көрсетіп, қыздармен сұхбат жүргізіп, қыз баланың гигиенасы мен репродуктивті денсаулығы жайында мәлімет бере отырып, ситуациялық сұрақтарды талқылады. Қыздар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, жауап алды.

Сонымен қатар Жаңа 2023 жыл мерекесіне орай 9-11 сынып оқушылары «Дэнс Баттл» заманауи би жарысы өткізіліп, оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты

3- сыныптар арасында отбасы күніне орай «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық жарысы өткізілді. Отбасылық спорттық жарыстың басты мақсаты: оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, мектеп пен ата- аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту болып табылады.

Гимназия психологтары ұйымдастыруымен «Ғаламтордың кейбір сайттарының баланы психикалық денсаулығына теріс әсері» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына арналған жаднама таратып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

1 желтоқсан –ЖИТС-пен күресу күніне орай 9-10-сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері «ЖИТС -ғасыр індеті» тақырыбында тәрбие сағатын өткізіп, қауіпті аурудың таралу жолдары мен алдын – алу шараларымен таныстырды.

Білім алушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен мектебіміздің 9,10,11 сынып оқушыларының арасында «Кел, жарысайық!» атты волейбол спорт түрінен жарыс өткізілді. Ойынға қатысушылар жеке команда құрып, қызықты ойын жүргізді. Нәтижесінде 3 - орынды 10 - сыныптар иеленсе, 9- сыныптар 2- орынды, ал 11- сыныптар жүлделі бірінші орын иеленді. Сонымен қатар дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Жас Ұлан» ББЖҰ оқушылары арасында тоғызқұмалақ ойынынан жарыс ұйымдастырылып, оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты

5 қыркүйек– Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні. Тіл мерекесі қарсаңында мектеп-гимназия оқушылары мерекені тойлаудан тыс қалмады. Тіл мерекесі біз үшін және еліміз үшін маңызды мерекелердің бірі. Тіл мерекесі еліміздің ең жарқын мерекелерінің бірі, себебі тіл адамның қарым-қатынас, ойлану құралы, сондықтан ол – адамзаттың интеллектуалдық әлеуетінің қазынасы ретінде халықтың ең құнды байлығы. Осы мереке күніне орай мектеп – гимназияда бірқатар іс – шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, сынып жетекшілер 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілер «Тіл мерейі – ел мерейі», «Тіл – ұлттың жаны» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді, кітапханада «Ана тілім ажарым, асыл мұрам»

